

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК

Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасы

БЕКІТЕМІН
Әлеуметтік ғылымдар
факультетінің деканы

Қашқырбай Б.Б.


« 15 » 08 2019 ж.

M080-5107-19-01, M087-5206-19-01, M087-5207-19-01, M084-5205-19-01,
M082-5104-19-01, M082-5103-19-01, M089-5306-19-01
мамандығының білім алушыларына арналған

«BPsi 5202 – БАСҚАРУ ПСИХОЛОГИЯСЫ» пәні бойынша

Оқу (модульдік) жұмыс бағдарламасы (Syllabus)

Астана
2019

 <p>Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫқ УНИВЕРСИТЕТІ</p>	<p>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Оқу (модульдік) жұмыс бағдарламасы (Syllabus)</p>	<p>Басылым: бірінші</p>
--	--	--	-------------------------

 <p>Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫқ УНИВЕРСИТЕТІ</p>	<p>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Оқу (модульдік) жұмыс бағдарламасы (Syllabus)</p>	<p>Басылым: бірінші</p>
--	--	--	-------------------------


«Басқару психологиясы» пәні бойынша тигілік бағдарлама және мамандықтың білім беру бағдарламасы негізінде құрастырылған

Құрастырған Жубу п.ғ.к., профессор м.а. Ж.К. Аубакирова

Кафедра отырысында қарастырылды. хаттама №10, «31» 05 2019ж.
Кафедра меңгерушісі Шалғынбаева Қ.Қ.

Факультеттің оқу-әдістемелік комиссиясының отырысында мақұлданды
хаттама № 11, «14» 06 2019 ж.

Факультеттің ОӘК төрағасы Жубу Аубакирова Ж.К.

	<p>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Оқу (модульдік) жұмыс бағдарламасы (Syllabus)</p>	<p>Басылым: бірінші</p>
---	--	--	-------------------------

Түсініктеме хат

1. Пәннің қысқаша сипаттамасы

Қазіргі қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси, демократиялық өзгерістеріндегі адамның, адами капиталының рөлінің өсуімен адам туралы ғылымдардың маңыздылығы арта түсті. Сондықтан, қоғам дамуының қазіргі кезеңіндегі әр тұлға үшін құнды басқару психологиясының негізгі мәселелерін зерттеу бүгінгі таңда ерекше мәнге ие. Психологиялық және кәсіби құзыреттілікті кеңейту және тереңдету - бәсекеге қабілетті мамандарды даярлаудың, олардың шығармашылық әлеуетін ашудың, сонымен бірге жеке және мансаптық өсудің қажетті шарты болып табылады. Осыған байланысты басқару психологиясы саласындағы психологиялық білімдердің негіздерін, нәтижелі және сыни ойлау әдістерін, коммуникацияның жаңа түрлерін және бірлескен іс-әрекет үрдісіндегі адамдар арасындағы қатынастарды жоғары білікті мамандардың меңгеруі қажет.

Болашақ магистрларды кәсіби даярлау курсының мақсаты мен орны оның мазмұнының көлемі және интеграциялық сипатымен негізделген.

«Басқару психологиясы» курсының мәні бәсекеге қабілетті кадрларды даярлаудағы жетекші рөлімен анықталады.

Пәнді оқытудың мақсаты: таңдаған мамандық бойынша кәсіби қалыптасу үдерісіндегі басқару іс-әрекетінің психологиялық жағдайлары мен ерекшеліктерін зерттеу және талдау негізінде жоғары білікті мамандарды ғылыми негізде даярлауды қамтамасыз ету.

Пәнді оқытудың міндеттері курсты оқып шыққан магистранттардың негізгі құзыреттеріне бағдарланады:

1. Басқару психологиясының теориялық негіздерін тарихи тұрғыдан және басқарудың жаңа теориялары мен тұжырымдамалары тұрғысынан негіздеу.

2. Басқарушылық шешімдерін қабылдау және тұлғалық мансабын ынталандыру мақсатында басқарушы өзара әрекеттің субъектісі және объектісі ретіндегі тұлғаның рөлін анықтау.

3. Корпоративтік мәдениетті және психологиялық ахуалды қолдау үшін ұйымда тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынастарды талдау.

4. Кәсіби іс-әрекеттің әр түрлі салаларында SWOT-талдау әдісімен басқару психологиясының теориялық-әдіснамалық үрдістерін біріктіру және жіктеу.

5. Басқару стилін зерттеу негізінде басшы іс-әрекетін тиімді басқаруды сыни талдау.

6. Жүйелік талдау мен кросс-мәдени менеджмент әдістерін қолдану арқылы ұйымдағы коммуникативтік үрдістерді жіктеу.

7. Ұйымның басшылары мен қызметкерлерінің арасында психологиялық ахуалды және корпоративтік мәдениетті жақсарту үшін эмоциялық жағдайды реттеудің тренингтік бағдарламалары мен техникаларын әзірлеу және жүзеге асыру.

8. Ұйымды тиімді басқарудың болжау моделін құру.

9. Басқару психологиясының маңызды факторы ретінде ұйымдық құндылықтарды және өзін-өзі таныстыру технологиясының тиімділігін ескере отырып, өзінің жеке мансабын құру бағдарламасын жасау.

2. Пререквизиттер: «Философия», «Әлеуметтану» және т.б. алдыңғы оқу пәндерін меңгеру кезіндегі алған білімдеріне негізделеді.


Постреквизиттер: іс-әрекеттің әр саласында басқару психологиясы бойынша білімдерді негізге алу.

3. Оқу жоспарынан көшірме

Курс 1

Семестр 1/2

Кредит саны 2,5

 <p>Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫқ УНИВЕРСИТЕТІ</p>	<p>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Оқу (модульдік) жұмыс бағдарламасы (Syllabus)</p>	<p>Басылым: бірінші</p>
--	--	--	-------------------------


Сабақ түрі	Жалпы сағат саны
Дәріс	15
Семинар сабақ	23
БӨЖ	82
Барлығы	120

МОДУЛЬДЕР БОЙЫНША ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ
(академиялық сағатта)

№ апталар	Модульдің және бағдарламалық материалдардың атауы	Сағат саны
1-4	Модуль 1. Басқару психологиясының теориялық негіздері	
	ДӘРІСТЕР	4
	<p>1.1 Басқару психологиясына кіріспе – проблемалық лекция Басқару психологиясының мақсаттары, міндеттері, мазмұны, ерекшеліктері. Басқару психологиясы объектісін, пәнін, міндеттерін анықтаудағы негізгі заманауи бағыттар. Адами практиканың әр түрлі салаларындағы басқару психологиясы мәселелерінің өзектілігі. Басқару психологиясының қайнар көздері. Басқару психологиясының психологиялық мәні және психологиялық табиғаты. ХХІ ғасырдағы басқару психологиясы дамуының негізгі бағыттары. Еңбек психологиясының бөлігі ретінде басқару психологиясы. Басқару психологиясының менеджментпен, басқару теориясымен, экономикамен, ұйымдардың әлеуметтануымен мазмұнды байланысы. Басқа да аралас психологиялық бағыттармен басқару психологиясының мазмұнды байланыстары (әлеуметтік психология, тұлға психология, даму психологиясы, ұйымдастырушылық психология, жарнама психологиясы және т.б.).</p>	1
	<p>1.2 Басқару психологиясының даму тарихы – интербелсенді лекция «Ғылыми менеджменттің классикалық теориясының» (20-шы ғасырдың басы - 20-шы жылдардың соңы) пайда болуы және дамуы. Ғылыми басқару мектебі (1885-1920). Ф. Тейлордың «Ғылыми басқару принциптері». Басқару іс-әрекетінің мектептері: Еңбекті ғылыми ұйымдастыру мектебі (Ф. Тейлор, П. И. Корженцев, А.К. Гостев және т.б.). Әкімшіліктік мектеп немесе классикалық менеджмент мектебі (1920-1950). А. Файл - басқару психологиясының негізін қалаушы. «Адами қатынастар» мектебі (1930-1950). Әлеуметтік адам түсінігі (Э. Мэйо, Ч. Барнард, М. Фоллетт). Адами ресурстар тұжырымдамасы (Д. Мак-Грегор, Д. Лайкерт). Ұйымды басқарудағы психологиялық бағыт (П. Друкер, В. Зигерт, Л. Ланг, М. Вудкок және т.б.).</p>	1
	<p>1.3 Басқару психологиясының теориялық және әдіснамалық негіздері – интербелсенді лекция Басқарудағы әдіснамалық бағыттар: үрдістік, жүйелік, жағдайлық. Психологиялық ғылыми теориялардың негізгі бағыттары аясындағы</p>	1




	<p>басқару: психоаналитикалық, бихевиористік және гуманистік. Басқару психологиясының қазіргі жағдайы, зерттеудің негізгі мәселелері мен бағыттары. Басқару психологиясының принциптері және әдістері. Басқарудың негізгі сипаттамалары. Құқықтық тенденция түсінігі. Басқару субъектісін қалыптастыру заңдары, іс-әрекетті ұйымдастыру заңдары, әлеуметтік әсер ету заңдары. Басқару психологиясының негізгі түсініктері: ұйым, тұлға, топ, мінез-құлық, қарым-қатынас, басқару, басшылық, көшбасшылық, билік, басқарушылық іс-әрекет, басқару қатынастары.</p>	
	<p>1.4 Басқару психологиясының зерттеу әдістері – интербелсенді лекция</p> <p>Басқару психологиясы аймағындағы зерттеулерді ұйымдастыру ерекшеліктері. Басқару психологиясы аймағындағы зерттеулердің ғылыми-практикалық құндылығы. Психологиядағы зерттеулерді ұйымдастырудың жалпы сызбасы. Басқару психологиясында эксперименттік зерттеулерді ұйымдастырудың жалпы-ғылыми және этикалық мәселелері. Басқару психологиясының негізгі әдістері: бақылау, сауалнама, эксперимент, әңгіме, сұхбат, анкета, тестілеу, контент талдау, рөлдік және іскерлік ойындар, басқару іс-әрекетінің нәтижелерін талдау. Басшының басқару еңбегінің нәтижелерін (өнімдерін) талдау (нормативтік және әкімшіліктік құжаттар, нұсқаулықтар, бұйрықтар және т.б.). Басқару психологиясы аймағындағы эмпирикалық зерттеу әдістерін таңдау ерекшелігі. Психологтің басқару психология аймағындағы эмпирикалық зерттеулер нәтижелерін жариялаудағы жауапкершілігі.</p>	<p>1</p>
	<p>ТӘЖІРИБЕЛІК (СЕМИНАР) САБАҚТАР</p>	<p>7</p>
	<p>1.1 Басқару психологиясы туралы түсінік – дөңгелек үстел сабағы</p> <p>Басқару түсінігі, оның салалары, сипаттамасы, процесі</p> <p>Психология және басқару</p> <p>Басқару психологиясының ұғымдары мен категориялары</p>	<p>2</p>
	<p>1.2 Басқару психологиясының даму кезеңдері – әдебиеттерге қысқаша талдау және презентациялау сабағы</p> <p>Басқару туралы ежелгі грек ойшылдары</p> <p>Басқару туралы Жаңа Дәуір философтары</p> <p>Басқару туралы ХІХ ғасыр ғалымдары</p> <p>Басқарудың ХХ ғасырдағы психологиядағы негіздері</p> <p>Заманауи басқару психологиясы: ғылым мен тәжірибе</p>	<p>2</p>
	<p>1.3 Заманауи басқару теориялары мен практикасы – SWOT-талдау сабағы</p> <p>Басқару психологиясының қазіргі жағдайының психологиялық алғышарттары</p> <p>Басқару психологиясының дамуына психологиялық бағыттардың ықпалы</p>	<p>2</p>

 <p>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Оқу (модульдік) жұмыс бағдарламасы (Syllabus)</p>	<p>Басылым: бірінші</p>
--	--	--	-------------------------

	<p>1.4 Басқару психологиясының негізгі диагностикалық әдістерінің сипаттамасы – «6 шляпа» әдісі бойынша сабақ Бақылау әдісі Психологиялық эксперимент Психологиялық тест Басқару психологиясындағы нарратив</p>	<p>1</p>
	<p>БӨЖ</p>	<p>24</p>
	<p>1.1 «Заманауи басқару психологиясы: ғылым мен тәжірибе» тақырыбында әдебиеттерге қысқаша талдау жасаңыз, негізгі түсініктер бойынша глоссарий құрыңыз. Ауызша презентация даярлаңыз – 2 апта</p>	<p>12</p>
	<p>1.2 Басқарудың заманауи теориялары мен практикасы бойынша SWOT-талдау жасаңыз. Презентация даярлаңыз – 4 апта.</p>	<p>12</p>
	<p>Барлығы модуль 1 бойынша</p>	<p>35</p>
<p>5-9</p>	<p>Модуль 2. Басқару жүйесіндегі тұлға</p>	
	<p>ДӘРІСТЕР</p>	<p>5</p>
	<p>2.1 Басқарудағы өзара әрекеттестіктегі тұлға – проблемалық лекция Заманауи басқару психологиясындағы тұлға түсінігі. Тұлға теориялары және оны басқару тәжірибесінде қолдану мүмкіндіктері. Тұлғаның психологиялық құрылымы. Тұлғаның когнитивті, эмоционалды-ерікті және жеке-типологиялық ерекшеліктері. Тұлғаның мінез-құлықтық ерекшеліктері. Биографиялық сипаттамалары (жасы, жынысы, әлеуметтік-экономикалық мәртебесі, білімі).</p>	<p>1</p>
	<p>2.2 Басшы тұлғасы ұйымды басқару субъектісі ретінде – проблемалық лекция Басшы іс-әрекетінің әлеуметтік-психологиялық негіздері. Ұйым басшысының әлеуметтік рөлі. Басшылық және көшбасшылық. Басқарушылық іс-әрекетке қойылатын әлеуметтік-психологиялық талаптар және қабілеттер. Басқару шешімдерін қабылдаудың әлеуметтік және психологиялық негіздері. Ұйымды басқарудың әлеуметтік-психологиялық аспектілері. Басшы имиджі. Басшының кәсіби мансабының психологиялық аспектілері. Басқару стилі түсінігі. Басқару стилінің жіктелуі. Басшының басқарудың әртүрлі стильдерін қолдануының психологиялық ерекшеліктері және олардың тиімділігі. Ұйымды басқарудың серіктестік стилінің тұжырымдамасы. Басқару стилінің әлеуметтік-психологиялық ахуалға және команда құруға әсері. Д. Мак Грегордың «Х және Y» теориясы. Менеджер торы. Заманауи басшы және оның әлеуметтік жауапкершілігі.</p>	<p>1</p>
	<p>2.3 Басқару шешімдерін қабылдау психологиясы – проблемалық лекция Басқарушылық (ұйымдық) шешім түсінігі. Шешім қабылдау басқарушылық іс-әрекеттің маңызды құрамдас бөлігі ретінде.</p>	<p>1</p>



	<p>Психологиядағы шешім қабылдаудың әртүрлі бағыттары. Басқару шешімдерінің типологиясы. Басқару шешімдерінің түрлері: шешім қабылдау субъектісі мен объектісі бойынша; қолдану мерзімі бойынша; шешілетін міндеттер сипаты бойынша; күрделілігі бойынша; шешім қабылдау деңгейі бойынша; қайталау жиілігі бойынша; жаңашылдық деңгейі бойынша; шешімдерді әзірлеу тәсілі бойынша. Тиімді басқару шешімдерін қабылдау және жүзеге асыру. Басқару шешімдерінің кезеңдері. Басқару шешімдеріне қойылатын талаптар. Басқару шешімдерінің нәтижелерін болжау.</p>	
	<p>2.4 Басқарудың мотивациялық аспектілері – проблемалық лекция Басқару психологиясындағы мотивация түсінігі. Еңбек іс-әрекетін мотивациялау мәселесіндегі теориялық-әдіснамалық бағыттар. Мотивация теориялары және олардың сипаттамалары. Мазмұндық (А. Маслоу, Д. Мак-Клеланд, Ф. Герцберг, Ф. Тейлор, Д. Мак-Грегор, Оучи теориялары). Процессуалдық (В. Врумның күтулер теориясы, әділдік теориясы). Мотивацияның түрлері, типтері және деңгейлері. Еңбек мотивациясын басқару. Қызметкерлердің ынтасын арттыру және еңбек өнімділігін арттыру әдістерінің жүйесі. Мотивация және өзін-өзі ынталандыру. Мотивациялық стратегиялар мен әдістер. Тұлғаның мотивациялық профилі.</p>	<p>1</p>
	<p>2.5 Тұлға және ұйымдағы іскерлік мансапты ұйымдастыру – проблемалық лекция «Мансаптың» әлеуметтік-психологиялық түсінігі. Мансап туралы ойлар эволюциясы. Мансаптың түрлері мен кезеңдері. Мансаптық мақсат қою және мансаптық жоспарлау. Мансаптың негізгі модельдері және стратегиялары. Мансаптық жетістіктердің критерийлері және факторлары. Мансаптың гендерлік аспектілері. Мансаптық менеджмент технологиясы. Мансаптық өзін-өзі басқару. Тұлғаның мансаптық таланттарын диагностикалау және дамыту. Мансаптық өсу технологиясы және тұлғаның мансаптық әлеуетін бағалау. Жас маманның мансабы. Мансаптық жоспарлаудың алғашқы кезеңдеріндегі мансаптық дағдарыстар және оларды жеңу технологиялары. Жас мамандардың мансабын қолдаудағы жоғары оқу орнының рөлі.</p>	<p>1</p>
	<p>ТӘЖІРИБЕЛІК (СЕМИНАР) САБАҚТАР</p>	<p>8</p>
	<p>2.1 Ұйымдағы тұлғаның әлеуметтенуі – ақпараттарды презентациялау сабағы Ұйымдағы тұлғаның әлеуметтік мәртебесі және әлеуметтік рөлі Кәсіби әрекет нәтижелілігінің тұлғаның жеке-психологиялық ерекшеліктеріне тәуелділігі Тұлғаның психологиялық және кәсіби маңызды қасиеттерін сараптамалық бағалау Профессиографиядағы модульдік бағыт Басқарудағы жеке құзыреттілікті модельдеу және шкалалау</p>	<p>2</p>

	<p>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Оқу (модульдік) жұмыс бағдарламасы (Syllabus)</p>	<p>Басылым: бірінші</p>
--	--	--	-------------------------


	<p>2.2 Ұйымдағы көшбасшылық – сұрақ-жауап сабағы Ұйымдағы заманауи басшының психологиялық портреті қандай болады? Көшбасшылық деген не? Көшбасшылық қайдан пайда болады? Көшбасшылық сипаттары қандай? Көшбасшылық мақсаттары қандай? Көшбасшылық процесінде қандай қиындықтар болады? Көшбасшының позитивті психологиялық даму қадамдары қандай болады?</p>	<p>1</p>
	<p>2.3 Басқару шешімдерін қабылдаудағы және жүзеге асырудағы тұлғалық факторлар – тәжірибелік бағдардағы сабақ Басқару процесіндегі шешім қабылдаудың және жүзеге асырудың субъективті жақтары Басқару процесіндегі шешім қабылдаудағы және жүзеге асырудағы субъектілік Басқару процесіндегі шешім қабылдаудағы және жүзеге асырудағы психологиялық мәселелерді анықтау</p>	<p>2</p>
	<p>2.4 Қызметкерлер үшін мотивациялық стратегиялар және әдістерді – кейс әзірлеу және презентациялау сабағы Қызметкерлердің ынтасын және еңбек өнімділігін арттыру әдістерінің жүйесі бойынша кейс Мотивация және өзін-өзі ынталандыру бойынша кейс Мотивациялық стратегиялар мен әдістер бойынша кейс</p>	<p>1</p>
	<p>2.5 Тұлғаның мансабын басқаруды психологиялық қамтамасыз ету – жоба жасау және оны қорғау сабағы Тұлғаның мансаптық әлеуетін бағалау Тұлғаның мансаптық өсуін қамтамасыз ету мүмкіндіктері Тұлғаның мансапты жоғарылатуына бағытталған психологиялық технология</p>	<p>2</p>
	<p>БӨЖ</p>	<p>24</p>
	<p>2.1 Ұйымдағы заманауи басшының психологиялық портретін жасаңыз – 6 апта</p>	<p>12</p>
	<p>2.2 «Ұйымдағы қызметкерлерді ынталандыру» кейсін жасаңыз – 8 апта</p>	<p>12</p>
	<p>Барлығы модуль 2 бойынша</p>	<p>47</p>
<p>10-15</p>	<p>Модуль 3. Ұйымдағы коммуникативті үрдістер</p>	
	<p>ДӘРІСТЕР</p>	<p>6</p>
	<p>3.1 Искерлік қатынас және кәсіби қарым-қатынас психологиясы – проблемалық лекция Кәсіби іс-әрекеттегі қарым-қатынас туралы заманауи ойлар. Искерлік қарым-қатынастың коммуникативті, перцептивті, интерактивті жақтары. Коммуникативті үрдістің құрылымы. Коммуникативті үрдістегі вербалды және вербалды емес құралдар: оптикалық-</p>	<p>1</p>



	<p>кинетикалық, паралингвистикалық, экстравингвистикалық, кеңістіктік-уақыттық.</p> <p>Коммуникативтік кедергілер және олардың пайда болуының негізгі себептері. Қарым-қатынастағы кері байланыс түсінігі, оның іскерлік қарым-қатынастағы рөлі. Рефлексиялық және рефлексиялық емес тыңдау. Іскерлік қарым-қатынастағы мәдениетаралық коммуникация. Іскерлік қарым-қатынастың формалары. Іскерлік әңгіме, оның сәтті өтуі үшін қажет психологиялық алғышарттар. Мәжіліс, топтық талқылау және жария сөйлеуді өткізуге қойылатын психологиялық талаптар.</p>	
	<p>3.2 Ұйымдағы тұлғааралық қабылдау психологиясы – проблемалық лекция</p> <p>Басқарушылық іс-әрекеттегі тұлғааралық қабылдау. Ұйымдағы тұлғааралық қабылдаудың негізгі сызбалары мен факторлары. Артықшылық факторы, тартымдылық факторы және «бізге деген қатынас» факторы.</p> <p>Ұйымдағы қабылдауды қалыптастыру механизмдері. Сәйкестендіру ретінде тұлғааралық қабылдау. Әлеуметтік-психологиялық рефлексия. Эмпатия - басқа адамның уайымын түсіну ретінде. Әлеуметтік топтың белгілері арқылы қабылдау ретіндегі стереотипизация. Каузальді атрибуция феномені. Тұлғааралық қабылдау эффектілері: ореол, жаңашылық, алғашқылық, оқшаулық. Ұйымда өзін-өзі таныстыру технологиясы.</p>	<p>1</p>
	<p>3.3 Мәдениетаралық коммуникация психологиясы – проблемалық лекция</p> <p>Іскерлік аймақтағы мәдениетаралық коммуникация. Ұлттық іскерлік мәдениет ерекшеліктері: индивидуализм-коллективизм, билік арақашықтығы, маскулинділік-феминділік, белгісіздіктен қашу (Г. Триандис).</p> <p>Кросс-мәдени менеджмент (Г. Хофстеде). Ұлттық және халықаралық мәдениетаралық менеджмент. Халықаралық іскерлік қарым-қатынас жағдайында мәдениетке тиістілік факторы. Мәдени шок және мәдени бейімделу. Заманауи ұйымдардағы тілдер мен мәдениеттердің өзара әрекеттестігі. Мәдениетаралық іскерлік кездесулер, келіссөздер, баспасөз конференциялары, мәжілістер: дайындық және оны жүргізу ережелері. Халықаралық хаттама. Іскерлік аймақтағы мәдениетаралық конфликтілерді шешу тәсілдері.</p>	<p>1</p>
	<p>3.4 Эмоциялық күйді басқару – проблемалық лекция</p> <p>Эмоциялардың ресурстық күші және олардың қоршаған ортаға әсері. Ұйымның эмоциялық ортасын басқару тәсілдері. Адамдардың эмоцияларын реттеу негізінде басқару. «Эмоциялық интеллект» түсінігі және құрылымы. Әр түрлі мамандықтар және бизнес міндеттер үшін эмоциялық интеллектінің мәні. Эмоциялық интеллект негізіндегі икемді басқару жүйесі. Басшының эмоциялық құзыреттілігі. Іскерлік өзара әрекетте эмоцияларды басқару мүмкіндіктері. Шешім қабылдау кезінде эмоцияларды басқару. Ұйымның эмоциялық ортасын басқару тәсілдері. Эмоциялық күйді</p>	<p>1</p>



реттеу техникалары. Эмоциялық күйіп-жанудың алдын алу техникалары және әдістері.	
3.5 Басқарудағы конфликтілер психологиясы – проблемалық лекция Басқарудағы конфликт түсінігі және оның негізгі түрлері. Басқарушылық конфликтілердің табиғаты және себептері. Басқарушылық конфликтілердің конструктивті және деструктивті қызметтері. Конфликтінің даму кезеңдері. Басқарушылық конфликтілерге қатысушылар және қозғаушы күштер, олардың қажеттіліктері, мүдделері және мақсаттары. Конфликтінің кеңістіктік-уақыттық шекарасы. Конфликтінің қызметтері және салдары. Басқарушылық конфликтілердің алдын-алу технологиялары. Конфликтідегі рационалды мінез-құлық технологиялары. Басқарушылық конфликтілердегі мінез-құлық: ынтымақтастық, бәсекелестік, бас тарту, қашу, кооперация стратегиялары. Басқарушылық конфликтілерді шешу көп сатылы үрдіс ретінде. Келіссөздер конфликтілерді шешу тәсілі ретінде.	1
3.6 Ұйымның корпоративтік мәдениеті – проблемалық лекция Корпоративтік мәдениет анықтамасы. Корпоративтік мәдениет философиясы, миссиясы. Корпоративтік мәдениеттің негізгі сипаттамалары және құрылымы. Корпоративтік мәдениеттің қызметтері. Корпоративтік мәдениеттің күші (Р. Дафттың сауалнамасы). Корпоративтік мәдениеттің түрлері - кландық, бюрократиялық, нарықтық, адхократиялық. Корпоративтік мәдениеттің индикаторлары және ұйымдық мәдениетті сәйкестендіру. Корпоративтік мәдениеттің негізгі элементтері: құндылықтар, күтулер және негізгі талаптар. Ұйымдастыру мәдениеті және ұйым көшбасшысы (Э. Шейн).	1
ТӘЖІРИБЕЛІК (СЕМИНАР) САБАҚТАР	9
3.1 Іскерлік қарым-қатынастағы коммуникативті кедергілер және оларды алдын алу тәсілдері – нарративтік сабақ Ұжымдағы іскерлік қарым-қатынас сипаты Тұлғаның іскерлік қарым-қатынас жасауында мәнді қасиеттер Басшының кінәсінен туындайтын кедергілер Ұйым мүшелерінің іскерлік қарым-қатынастағы рөлі мен ерекшеліктері	1
3.2 Ұйымдағы тұлғааралық қабылдау – бағдарлама құрып, презентациялау сабағы Ұйымдағы тұлғааралық қабылдауды онтайландырудың психологиялық механизмдері Ұйымдағы тұлғааралық қабылдау мәселелерін шешудің психологиялық жолдары	2
3.3 Мәдениаралық іскерлік қарым-қатынас психологиясы – модельдеу және презентациялау сабағы Мәдениаралық іскерлік қарым-қатынастың өзектілігі	1

 <p>Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫқ УНИВЕРСИТЕТІ</p>	<p>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Оқу (модульдік) жұмыс бағдарламасы (Syllabus)</p>	<p>Басылым: бірінші</p>
--	--	--	-------------------------

	<p>Мәдениаралық іскерлік қарым-қатынастың ғылыми-теориялық негіздері Мәдениаралық іскерлік қарым-қатынастың құрылымы Мәдениаралық іскерлік қарым-қатынастың тиімділік белгілері Мәдениаралық іскерлік қарым-қатынастың тиімділігін арттыру шарттары</p>	
	<p>3.4 Ұжымдағы психологиялық жағдай – нарратив сабағы Ұжымдағы эмоциялық күй Эмоциялық интеллект сипаты және оның ұйымдағы басқарудағы рөлі</p>	<p>2</p>
	<p>3.5 Басқарудағы манипуляция – презентациялау сабағы Манипуляция және тұлға Ұйымдағы манипуляторлардың типтері Ұйымдағы негізгі манипулятивті техникалар Манипуляция процесінен шығу психологиясы</p>	<p>1</p>
	<p>3.6 Корпоративтік мәдениетті меңгеру психологиясы – жобалау және оны қорғау сабағы Ұйымның корпоративтік мәдениетін диагностикалау Ұйымның корпоративтік мәдениетін болжамдау Ұйымның корпоративтік мәдениетін меңгеру және арттыру</p>	<p>3</p>
	<p>БӨЖ</p>	<p>34</p>
	<p>Тұлғаның іскерлік қарым-қатынас жасауында мәнді қасиеттердің тізімін құрып, жазыңыз – 10 апта</p>	<p>12</p>
	<p>Мәдениаралық іскерлік қарым-қатынастың ғылыми-теориялық негіздері бойынша библиография жасаңыз – 12 апта</p>	<p>11</p>
	<p>Ұйымдағы негізгі манипулятивті техникаларды сипаттап жазыңыз – 14 апта</p>	<p>11</p>
	<p>Барлығы модуль 3 бойынша</p>	<p>48</p>
	<p>Барлығы</p>	<p>120</p>

4. Пәннің қысқаша ұйымдастырушылық-әдістемелік сипаттамасы


Оқу нәтижелерін бақылау түрлері

Аралық бақылау:

- 1) 1-7-аптада өткен лекция мен семинар тақырыптарының сұрақтарына дайындалу және БӨЖ тапсырмаларын орындау бойынша қорытынды бағалау болады.
- 2) 8-15-аптада өткен лекция мен семинар тақырыптарының сұрақтарына дайындалу және БӨЖ тапсырмаларын орындау бойынша қорытынды бағалау болады.

Қорытынды бақылау (емтихан): емтихан билеттің 3 сұрағына жазбаша түрде жауап жазу арқылы өтеді.

Курстың саясаты мен процедурасы

	<p>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Оқу (модульдік) жұмыс бағдарламасы (Syllabus)</p>	<p>Басылым: бірінші</p>
---	--	--	-------------------------

Құрметті магистрант!

Сіздің әр сабақтағы белсенділігіңіз, шыдамдылығыңыз, орнықтылығыңыз бен жауапкершілігіңіз осы курс бойынша білім меңгеруге ең негізгі шарт болады.

Кешігуге және сабақтан себепсіз кетіп қалуға рұқсат етілмейді.

Магистрант әр сабаққа дер кезінде дайындалуы тиіс. Себепті жағдайларда болмаса, әр сабақтың тапсырмалары өз уақытында ғана бағаланады.

Магистрант сабақ барысында белсенді түрде қатысып отыруы қажет.

Магистрант БӨЖ тапсырмаларын силлабуста белгіленген тақырыптар бойынша тағайындалған уақытта дайындап, өткізеді.

Сабаққа жауап пен бақылаудың қай түрінде болмасын, ұялы телефондардың, дыбыс және көрнекі ақпарат тасымалдайтын құралдардың (МПЗ, МП4, плэйер т.б.) көмегіне жүгінбеу талап етіледі және кез келген сырттан алынған көмек анықталғанда бақылау жұмысына **0** (нөл) балл қойылады.


5. Білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау жүйесі

Білім алушылардың білімі, шеберлігі, дағдылары келесі жүйе бойынша бағаланады

Әріптік жүйе бойынша баға	Баллдардың сандық эквиваленті	Пайыздық көрсеткіші	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

Кесте 1


Баға	Критерий
A бағасы	Басқару психологиясы курсына қамтылған кез келген тақырып бойынша терең әрі толық білімді; қарастырылған ұғымдардың, құбылыстар мен заңдылықтардың, теориялардың, олардың өзара байланысының мәнін толық түсінуді көрсете біледі. Оқылған материалдар негізінде толық әрі дұрыс жауапты құрастыра біледі; негізгі ережелерді белгілеп, жауапты нақты мысалдармен және деректермен толықтыра алады; қорытындыны жалпылау, дәлелді талдау жасай алады. Пәнаралық және пән ішіндегі (бұрын алынған білім негізінде) байланыстарды орната біледі. Түсіндіруде шығармашылық қабілетін танытады.
A- бағасы	Басқару психологиясы курсына кез келген сұрақтың мазмұнын бағдарламаның талаптарына сәйкес толық, жүйелі түрде баяндай алады. Бағдарламада ұсынылған негізгі және қосымша әдебиетті терең игерген, өз ойын жеңіл түрде мазмұндай біледі. Талқыланып жатқан мәселеге кең, әрі жан-жақты талдау жасай біледі. Елеулі нақты қателердің болмауы. Қорытындысы дәлелді және нақты материалға негізделген. Жауап беру кезінде білім алушының өздігінен түзетілген, сұраққа байланысты тақырыптан 1-2 жеңіл-желпі үйлеспеушілік пен қателердің бар болуы мүмкін.
B+ бағасы	Басқару психологиясы пәнінде оқылған материалдарды толық біледі. Оқытылған теориялар негізінде толық әрі дұрыс жауаптың болуы; оқытылған материалды баяндауда, ұғымдарға анықтама беруде, ғылыми терминдерді қолдануда немесе қорытынды жасауда кейбір үйлеспеушілік пен қателердің болуы мүмкін.

	<p>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Оқу (модульдік) жұмыс бағдарламасы (Syllabus)</p>	<p>Басылым: бірінші</p>
--	--	--	-------------------------

	Магистрант жіберген қателерін оқытушының көмегімен түзете алады. Жалпы оқытылған материалды меңгеріп, нақты мысалдармен дәлелдей алады.
В бағасы	Басқару психологиясы бойынша оқытылған материалдардан негізгі ережелерді өз бетімен атай біледі; негізгі ережелердің мағынасын аша алады; жауабында логикалық, жүйелі бірізділік бар. Дәлелдер мен мысалдар негізінде жалпылау, қорытынды жасай білу, пән ішіндегі байланыстарды орната біледі. Практикада алған білімді, ғылыми терминдерді қолдана біледі. Бірақ әдебиетпен, оқулықпен жұмыс істеуде дағдысы жеткілікті көрінбейді. Баяндау кезінде кейбір жіберген қателерін оқытушының жетекші сұрақтарына жауап беру арқылы түзей алады.
В- бағасы	Басқару психологиясы бойынша магистрант берілген сұраққа дұрыс жауап береді; бірақ жауап беру үдерісінде маңызды басты деректердің жоқ болуы мүмкін. Магистрант материалдың негізгі мазмұнын меңгергенімен, оны саралап, талдауда қиналады. Мысалдармен жауабын нақты дәлелдей алмайды. Баяндау кезінде кейбір жіберген қателерін оқытушының жетекші сұрақтарына жауап беру арқылы түзей алады.
С+ бағасы	Басқару психологиясы бойынша жауабы толық, бірақ жүйелі емес. Жауабында тақырыпқа байланысты елеулі ауытқулар болуы мүмкін. Негізгі ұғымдарды анықтауда магистрант тың жіберген қателерін түзетуге қиналған жағдайда қойылады.
С бағасы	Басқару психологиясы бойынша магистрант берілген сұраққа толық жауап бермейді, тақырыптың, негізгі ережелердің мағынасын кеңінен аша алмайды. Қосымша сұрақтарға жауап бере алмайды
С- бағасы	Басқару психологиясы бойынша магистрант берілген сұраққа толық жауап бермейді, жауабында негізгі ережелерді ерекшелік алмайды, сұрақтың басты идеялары ашылмайды. Сөздік қорының жеткіліксіздігі, материалды толық меңгермегендігі байқалады.
D+ бағасы	Басқару психологиясы бойынша магистрант көптеген маңызды фактілерді ескермейді; қорытынды жасай алмайды; фактілер қарастырылып жатқан мәселеге сәйкес келмейді; олар салыстырып қарастырылмайды; негізгі мәселені көрсете алмайды (қате болса да). Көп елеулі қателер жіберіледі. Магистрант жауабында талқыланып жатқан мәселенің іргелі, әрі негізгі мәселелермен байланыстың жоқтығы байқалады. Магистрант оқытушының көмегінен кейін ғана жауабын түзетуі мүмкін.
FX бағасы	Басқару психологиясы бойынша магистрант нашар жауап береді; тақырыпты толық меңгермегені, жауаптарында елеулі қателер байқалады. Магистрант қосымша сұрақтарға жауап бере алмайды.
F бағасы	Басқару психологиясы бойынша магистрант өте нашар жауап береді; сұрақтың мағынасын түсінбейді. Сөйлеу, жазу мәнері төмен деңгейде. Жауабында көптеген қателер байқалады. Оқытушының жетекші сұрақтарын магистрант түсінбейді. Магистрант оқу материалын меңгере алмаған жағдайда қойылады. Сабаққа жауап пен бақылаудың қай түрінде болмасын, ұялы телефондардың, дыбыс және көрнекі ақпарат тасымалдайтын құралдардың (МПЗ, МП4, плэйер т.б.) көмегіне жүгінгенде 0 (нөл) қойылады

6. Пәннің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

1.	Ахтаева Н.С., Абдижаппарова А.И., Бекбаева З.Н. Басқару психология. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.	интернет	Электрондық нұсқа	Электрондық нұсқа
2.	Волкогорова О.Д., Зуб А.Т. Управленческая психология. – Москва: ИД «Форум» - Инфра, 2015.	интернет	Электрондық нұсқа	Электрондық нұсқа

 <p>Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫқ УНИВЕРСИТЕТІ</p>	<p>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Оқу (модульдік) жұмыс бағдарламасы (Syllabus)</p>	<p>Басылым: бірінші</p>
--	--	--	-------------------------

3.	Кремень М.А. Психология и управление. – Мн. Харвест, 2015.	интернет	Электрондық нұсқа	Электрондық нұсқа
Қосымша әдебиеттер				
4.	Морозов, А. В. Управленческая психология. - М.: Академический проект; Трикста, 2015.	интернет	Электрондық нұсқа	Электрондық нұсқа
5.	Столяренко А.Д. «Психология делового общения и управления» Ростов - на - Дону: Феникс, 2015.	интернет	Электрондық нұсқа	Электрондық нұсқа
6.	Урбанович А.А. Психология управления. Учебное пособие. - Мн.: Харвест, 2015.	интернет	Электрондық нұсқа	Электрондық нұсқа
7.	Добреньков В. И. Управление человеческими ресурсами: социально-психологический подход. Учеб. пособие. - М.: КДУ, 2015.	интернет	Электрондық нұсқа	Электрондық нұсқа